
Анықтама

Тақырыбы: «Қазақстан: өткені, бүгіні, болашағы»
Түрі: виртуалды көрме
Күні: 21 қазан
Мақсаты: Республика күні мерекесінің тарихи маңызын насихаттау, оқушылардың туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру, Қазақстанның өткені мен бүгінгі жетістіктерін таныстыру, болашағына деген сенімін нығайту және жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, ұлттық мақтаныш сезімдерін қалыптастыру.

25 қазан – Республика күні мерекесіне орай «Ш.Т. Еркінов атындағы орта мектеп» КММ-де «Қазақстан: өткені, бүгіні, болашағы» тақырыбында интерактивті виртуалды көрме көрсетілді. Аталған көрме оқушыларға еліміздің тарихын заманауи цифрлық технологиялар арқылы таныстыру, тарихи танымын кеңейту және ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында ұйымдастырылды.

Виртуалды көрме үш негізгі бағытты қамтыды:
«Қазақстанның өткені» бөлімінде халқымыздың бай тарихы, ата-бабаларымыздың ерлігі, тәуелсіздік жолындағы күресі, ұлттық мұрасы мен тарихи маңызды оқиғалары таныстырылды.
«Қазақстанның бүгіні» бөлімінде тәуелсіз еліміздің жетістіктері, мемлекетіміздің дамуы, мәдениеті, ғылымы, білімі және халықаралық деңгейдегі орны туралы ақпараттар ұсынылды.
«Қазақстанның болашағы» бөлімінде еліміздің жарқын келешегі, білімді ұрпақтың рөлі, инновациялық даму мен заманауи технологиялардың маңызы кеңінен насихатталды.

Көрме барысында қатысушылар тарихи деректермен, тақырыптық суреттермен, танымдық мәліметтермен және интерактивті материалдармен танысты. Виртуалды формат оқушылардың қызығушылығын арттырып, Қазақстан тарихын ерекше әрі әсерлі түрде қабылдауына мүмкіндік берді.
Қорытынды: «Қазақстан: өткені, бүгіні, болашағы» атты интерактивті виртуалды көрменің көрсетілімі Республика күнінің маңызын дәріптеуге, оқушылардың тарихи танымын кеңейтуге және патриоттық сезімдерін нығайтуға бағытталған мазмұнды іс-шара болды. Көрме арқылы жас ұрпаққа ел тарихын құрметтеу, тәуелсіздіктің қадірін түсіну және Қазақстанның жарқын болашағына өз үлесін қосу идеясы насихатталды.






https://www.instagram.com/p/DewUrk0jC0S/?obrf=MWR0dGo0dWp1MDFhOA==
https://www.instagram.com/reel/Dev1GSxsyij/?obrf=dDg0eHhzY2ZxdXFq